

**Мемлекеттік тұрғын емес жайды төлем ақысыз мүліктік жалға беру/пайдалану
Шарты №8**

Қызылорда қаласы

«06» 02 2024 жыл

Бұдан әрі «Баланс ұстаушы» деп аталатын «Қызылорда білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 268 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, оның атынан Жарғы негізінде әрекет етуші орта мектеп директоры Абильдаев Мейрамбек Токмырзаұлы бір тараптан және бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№4 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын, оның атынан Жарғы негізінде әрекет етуші бас дәрігер Құрманғали Алмат Дәденұлы екінші тарап, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, "Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, "Облыстық коммуналдық мүліктерді өтеусіз пайдалануға беру туралы" 2024 жылғы 05 ақпандағы №01-17-94 Бұйрығы негізінде осы шартты (бұдан әрі-шарт) жасасты.

Шарттың мәні

- 1.1.** Баланс ұстаушының теңгеріміндегі Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Махамбетов ауылы, Б.Жонбаев құрылыс №49 мекенжайында орналасқан тұрғын үй емес ғимаратының жалпы ауданы **44,40 шаршы метр** болатын медициналық кабинет бөлмесіне жалдау ақысы өндірілмей Пайдаланушыны орналастыруға берілетін мемлекеттік меншік, әрі қарай «Объект» болып табылады.
- 1.2.** Объект Пайдаланушыға 2024 жылдың 06 ақпаннан бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін пайдалануға беріледі.

1. Пайдалануға өткізу талаптары

- 2.1** Баланс ұстаушы теңгеріміндегі Объектіні 2024 жылдың 06 ақпаннан бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін Пайдаланушыға медициналық қызмет көрсету мақсатында медициналық кабинет бөлмесін орналастыруға беріледі.
- 2.2.** Объектіні пайдалануға беру Пайдаланушыға меншік құқығының өтуіне әкеліп соқтырмайды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Баланс ұстаушының:

- 3.1.1.** Осы шарттың қолданылу мерзімі ішінде шарт талаптарының орындалуына бақылау жүргізуге, Пайдаланушыдан осы шарт талаптарының орындалуы туралы мәліметті сұрауға және алуға;
- 3.1.2.** Шарт талаптары орындалмаған жағдайда, бұл жөнінде 1 ай бұрын Пайдаланушыны ескерте отырып, шартты бір жақты немесе Талаптардың келісімі бойынша бұзуға құқығы бар.

Баланыс ұстаушы:

3.1.3. Өртке қарсы, санитарлық және қолданыстағы заңнамада белгіленген өзге де нормаларды қатаң сақтауға;

3.1.4. Объектіні ұстаудың барлық шығындарын (коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, ағымдағы және күрделі жөндеуді жүзеге асыру жұмыстарын жүргізеді, үздіксіз жұмыс жүргізуін жауапкершілігіне алады мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес Объектінің гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қортындылар алу (сәйкестендіру) және т.б) өз қаражаты есебінен өтеуге міндетті.

Оқушыларды жоспарлы медициналық тексеруден, екпе жұмыстарын жүргізуде кезекшілік ұйымдастырады, құжаттар дайындауға көмектеседі.

Пайдаланушының:

Шарттың аясында, Баланыс ұстаушының құқықтарына нұқсан келмейтін жағдайда, Объектіні пайдаланудың нысаналы мақсатынан ауытқымайтын шекте, заңда белгіленген әрекеттер жасауға;

3.1.5. Объектіні пайдалануда шарт талаптарын мүлтіксіз орындаған жағдайда шарт мерзімін ұзартуға немесе шартты мерзімінен бұрын бір жақты немесе Тараптардың келісімімен бұзуға құқығы бар.

Пайдаланушы:

Шартта көрсетілген талаптарға сәйкес объектіні мақсатты (медициналық қызмет көрсетуге) пайдалануға;

3.1.6. Объектіні жарамды жағдайда ұстауға, жарамсыздыққа алып келетін әрекеттер жасамауға;

3.1.7. Баланыс ұстаушының келісімінеіз объектінің қабырғасын немесе басқада жерлерін бұзбауға, жоспарын өзгертінеуге;

3.1.8. Өртке қарсы, санитарлық және қолданыстағы заңнамада белгіленген өзге де нормаларды қатаң сақтауға міндетті.

4. Өзгеде шарттар

4.1. Осы шарттың талаптарын бұзған Талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті жауаптылықта болады.

4.2. Талаптардың осы шартта көрсетілмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

4.3. Талаптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

4.4. Шартқа өзгерістер мен (немесе) толықтырулар шартқа қосымша келісім жасау арқылы жүргізіледі.

4.5. Осы шарт мемлекеттік тілде «2» дана жасалады. 1 данасы – Баланс ұстаушыда, 1 данасы – Пайдаланушыда сақталады.

4.6. Осы шарт талаптармен екі жақты қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және шартта көрсетілген мерзімге дейін күшінде болады.

5. Талантардың деректемелері және қолдары:

«Баланс ұстаушы»

Қызылорда облысының білім басқармасы
Қызылорда қаласы бойынша
білім бөлімінің №268 мектеп-лицей КММ
Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі
Б.Жонбаев көшесі №49.
БСН: 130240009274
тел: 8 (7242) 21-17-40



Директор
М.О.

М.Абиляев

«Пайдаланушы»

«Қызылорда облысының денсаулық
сақтау басқармасының №4 қалалық
емханасы» ШЖҚ КМК
Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті
Ш.Есенов көшесі №386
БСН:000840003072
Тел:8 (7242) 21-58-03



Бас дәрігер
М.О.

А.Құрманғали